

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 20004 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 8, 9 және 17-тармақтарын қоспағанда , оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 6 ақпандағы
№ 91 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі

1. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.02.2023 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.) бұйрығымен.

2. "Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 231 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7029 болып тіркелген, 2011 жылғы 27 тамызда "Казахстанская правда" газетінің № 272-274 (26693-26695) санында жарияланған):

Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесінде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамға "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша дактилоскопиялық карталар толтырылады және оның екі данасы полиция департаменттерінің жедел-криминалистикалық бөліністері мен аумақтылығы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасына жолданады";

Жедел-криминалистикалық бөліністері Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті басқармасының есептері бойынша жеке басы анықталмаған жағдайда дактилоскопиялық карталар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттандыру және байланыс департаменті арқылы Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің бас ақпараттандыру-талдау орталығының базасында жұмыс істейтін Мемлекетаралық ақпараттың банкі есептері арқылы тексеру үшін жолданады."

3. "Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 10 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7417 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 мамырда "Казахстанская правда" газетінің № 144-145 (26963-26964) санында жарияланған):

Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп ережесінде:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамның жеке басын анықтау және есепке қою мақсатында "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша дактилоскопиялық карталар толтырылады және оның екі данасы полиция департаменттерінің жедел-криминалистикалық бөліністері мен аумақтылығы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасына жолданады";

Жедел-криминалистикалық бөліністер мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті басқармасының есептері бойынша жеке басы анықталмаған жағдайда дактилоскопиялық карталар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттандыру және байланыс департаменті арқылы Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің бас ақпараттандыру-талдау орталығының базасы негізінде жұмыс істейтін Мемлекетаралық деректер банкі есептері арқылы тексеру үшін жолданады.

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамдарды медициналық куәландыру тәртібі, сондай-ақ оларға медициналық-санитарлық қызмет көрсету нормалары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 314 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11206 болып тіркелген) бекітілген "Бас бостандығы шектеулі азаматтарға, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады."

2-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Ішкі істер органдары қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7415 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 мамырдағы "Егемен Қазақстан" газетінің № 247-252 (27326) және 2012 жылғы 19 мамырдағы "Казахстанская правда" газетінің № 144-145 (26963-26964) сандарында жарияланған):

Ішкі істер органдары қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидаларында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Арнайы қабылдау орнына орналастырылған адамға "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша дактилоскопиялық карта толтырылады және оның бір данасы полиция департаментінің жедел-криминалистикалық бөлінісіне жолданады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Арнайы қабылдау орнына орналастырылған адамдарды медициналық куәландыру тәртібі, сондай-ақ оларға медициналық-санитарлық қызмет көрсету нормалары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 314 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11206 болып тіркелген) бекітілген Бас бостандығы шектеулі, азаматтарды сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарды медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.".

5-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

6. "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген, 2015 жылы 21 қаңтарда "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД), Қазақстан Республикасы ІІМ-нің (бұдан әрі - ІІМ) Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) осы бұйрықты ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін, сондай-ақ Қағидаларда көзделген қызметтік құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.";

7. "Жүргізуші куәлігі және көлік құралын тіркеу туралы куәлік бланкілерінің нысандары мен үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 874 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10064 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 12 (27888) санында жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүргізуші куәлігі бланкісінің үлгісі осы тізбеге 5 -қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдеде "Казахстанская правда" газетінің № 143 (28019), 2015 жылғы 30 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінің № 143 (28621) санында жарияланған):

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қару мен оның патрондары айналымы ережесінің 7, 9-тармағы	Құжат берілмейді	Өтініш бергеннен кейін ішкі істер органының қызметкері объектіні, үй-жайларды тексеруді жүргізеді. Аяқталу нысаны – нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес
----	--	------------------	--

		объектіні тексеру туралы акт толтырылады (бұдан әрі - № 313 бұйрық)
--	--	---

".

,

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

18	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№ 313 бұйрық
----	--	------------------	--------------

".

,

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

25	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№ 313 бұйрық
----	--	------------------	--------------

".

,

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

28	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№ 313 бұйрық
----	--	------------------	--------------

".

,

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

31	Қару мен оның патрондарының сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларға бөтен адамдардың қол жетімділігін болдырмайтын жағдайлар. Жеке қару үшін – қару мен оның патрондары иелерінің тұрғылықты жері бойынша		№ 313 бұйрық
----	--	--	--------------

	үй-жайлардағы кілтпен жабылатын сейфтер немесе металл шкафтар	Құжат берілмейді	
--	---	------------------	--

".

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

35	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№ 313 бұйрық
----	---	------------------	--------------

".

9. "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 27 ақпанында № 10353 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 30 шілдеде "Казахстанская правда" газетінің № 143 (28019), 2015 жылғы 30 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінің № 143 (28621) санында жарияланған):

Азаматтық пиротехникалық заттар және олардың қолданылуымен бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату және пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталу және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі	Құжат берілмейді	Өтініш бергеннен кейін ішкі істер органы қызметкері объектіні, жайды тексеруді жүргізеді. Аяқталу нысаны – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласын бақылау жөніндегі бөліністерінің қызметін
---	--	------------------	--

		ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 20- қосымшаға сәйкес объектіні тексеру туралы акті жасалады (бұдан әрі – №313 бұйрық)
--	--	---

".

”

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	а з а м а т т ы қ пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталу және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№313 бұйрық
----	--	------------------	-------------

".

”

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	а з а м а т т ы қ пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталу және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№313 бұйрық
----	--	------------------	-------------

".

”

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	а з а м а т т ы қ пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталу және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	№313 бұйрық
----	--	------------------	-------------

".

10. "Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді , жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 150 бұйрығына (

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 наурызда № 10565 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 27 ақпанда "Казахстанская правда" газетінің № 39 (28165), 2016 жылғы 27 ақпанда "Егемен Қазақстан" газетінің № 39 (28767) санында жарияланған):

Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидаларында:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Келіп түсетін әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды (бұдан әрі- қару-жарак құралдарын) қабылдауды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ оларды қабылдау, есепке алу, сақтау тәртібіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және көліктегі (бұдан әрі- ПД, КПД) полиция департаменттері, қалалық, аудандық және желілік ішкі істер органдары бөліністерінде (бұдан әрі - қаладағы желілік органдары) ПД, КПД бастықтарының бұйрықтарымен әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды қабылдау және бақылау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар (бұдан әрі- комиссия) құрылады";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияның құрамына ПД, КПД әкімшілік және криминалдық полиция бөліністерінің, тергеу, өзіндік қауіпсіздік, тылдық қамтамасыз ету, жедел криминалистикалық бөліністерінің (бұдан әрі - ЖКб) және ақпараттандыру және байланыс бөлімшелерінің (бұдан әрі – АББ) қызметкерлері кіреді. Осы комиссияларды ПД, КПД бастықтарының орынбасарларының бірі басқарады.

Көрсетілген комиссиялар қару-жарак заттарын ПД, КПД арттехқару-жарак (бұдан әрі – АТҚЖ) қоймаларына қабылдауды, сондай-ақ ПД, КПД, қалалық, аудандық, желілік органдарының осы Қағидалардың талаптарын сақтауы бойынша тексерісті жүзеге асырады.";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ішкі істер органдарында (бұдан әрі – ПО) тіркелмеген барлық қарулар атуға жарамдылығын және оның үлгісін және түрін анықтау үшін ЖКб жолданады, егер сәйкестендіру нөмірі, маркасы, моделі немесе оларды анықтау мүмкін болмаған (бейнеленуі анық болмаған) жағдайда қарудың жойылған зауыттық нөмірін, таңбаларын

анықтау бойынша криминалистикалық зерттеу жүргізу үшін қару ПД, КПД ЖКБ-ға жолданады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Ерікті түрде тапсырылған қаруды ЖКБ(б)-ның сұрау салуы бойынша анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ИМ) ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беруге жол беріледі.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. ЖКБ анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру, Қазақстан Республикасы ИМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беру тек АТҚЖ қоймасынан осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТҚБ-ның бастығы қол қоятын, шығыс хат-хабарлар журналына тіркелетін және ПД, КПД елтаңбалық мөрімен бекітілетін қаруды беруге арналған жолдаманың негізінде ПД ТҚБ қызметкерлері жүргізеді.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Қару-жарақ заттарының қозғалысы (ЖКБ анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру Қазақстан Республикасы ИМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беру) туралы ақпаратты қойма меңгерушісі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АТҚЖ қоймасына келіп түскен алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, табылған қаруды және оқ-дәрілерді есепке алу журналына енгізеді, бір тәулік ішінде ПО-да тіркелмеген қару бойынша ақпараттандыру және байланыс бөлімшелеріне БДБ-ға тиісті түзетулер енгізу үшін қарудың қозғалысы туралы ақпаратты қамтитын баянат жолданады, бір тәулік ішінде ПО-да тіркелген қару бойынша АҚҚАБ қызметкеріне БДБ-ға тиісті түзетулер енгізу үшін қарудың қозғалысы туралы ақпаратты қамтитын баянат жолданады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қаруы жедел-криминалистикалық бөліністердің анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, ауыстыру Қазақстан Республикасы ИМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттауға қою үшін тек ПД, КПД АТҚ қоймаларынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, ПД, КПД бастығының жазбаша нұсқауымен беріледі.";

50-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ИМ, ПД, КПД мұражайларына экспонаттау үшін берілетін қаруды қару-жарақ қызметінің қызметкерлері атуға жарамсыз күйге келтіреді.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Қаруды және оқ-дәрілерді ПД ТҚБ(б)-ға тапсыру үшін қару мен оқ-дәрілерді тапсырушы аумақтық ішкі істер бөлінісінің бастығы қол қойған хаты жолданады.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. ПД ТҚЕБ(б)-ға екі жұмыс күні ішінде қару-жарақ заттарын қабылдауға келісу немесе қабылдаудан бас тарту туралы жауап жолдайды (бас тартқан жағдайда дәлелді түсіндірме қоса беріледі).";

62 және 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Одан әрі пайдалануға жарамсыз қызметтік қару мен оның патрондарын одан әрі жою үшін заңды тұлғалардан қару мен оқ-дәрілерді қабылдау аумақтығы бойынша АҚҚА бөлімшелеріне хабарлағаннан кейін ПД, КПД бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды беру туралы жазбаша қолдаухат бойынша жүзеге асырылады.

63. Одан әрі пайдалануға жарамды қызметтік қару мен оның патрондарын уақытша сақтау үшін заңды тұлғалардан қабылдау аумақтығы бойынша АҚҚА бөлімшелеріне хабарлағаннан кейін ПД, КПД бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың жазбаша қолдаухаты бойынша жүзеге асырылады. Қолдаухатта егер қарудың иесі қолдаухатта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін дәлелсіз себептермен (науқастығына, ұзақ іссапар) ПО-ға қаруды қайтару туралы өтініш жасамаған жағдайда тапсырылған қару өтеусіз мемлекеттің меншігіне өтеді.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. ПД, КПД-нің Қару-жарақ қызметі қабылданған, сақтауда тұрған және кәдеге жаратылған қару-жарақ заттары туралы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Тыл департаментіне ай сайын есеп жолдайды.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Қару-жарақ заттарын ішкі істер органынан "Оңтүстік" әскери және арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесінің қоймасына дейін кәдеге жарату үшін тасымалдауды ПД, КПД ТҚЕБ, ТҚБ бөлімшелерінің қызметкерлері мамандандырылған автокөліктегі қарулы күзеттің және патрульдік автокөліктегі патрульдік полициясы экипажының ілесіп жүруімен жүзеге асырады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару мен оқ-дәрілерді ішкі істер органдарында есепке алу тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды және оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды сақтау";

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"98. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ПО-да, АТҚЖ қоймаларына қабылдау, сақтау, есепке алу тәртібін тексереді:

1) қалалық, аудандық, желілік полиция бөліністерінің бастықтары өз бөлімшелерінде – айына кемінде бір рет;

2) Қазақстан Республикасы ПД, КПД тұрақты жұмыс істейтін комиссияның мүшелері – тоқсанына кемінде бір емес, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің жетпей қалуына, артық шығуына, ұрлануына байланысты төтенше оқиғалар фактілері бойынша;

3) Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкерлері – ПД, КПД-нің кешенді, инспекторлық, бақылау тексерістері кезінде, сондай-ақ қарудың және оқ-дәрілердің жетпей қалуына, артық шығуына, ұрлануына байланысты төтенше оқиғалар фактілері бойынша жүргізеді;

4) Қазақстан Республикасы ІІМ, ПД, КПД жоспарларына сәйкес жылына бір рет алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды есепке алу, қабылдау және тапсыру есебінің дұрыстығына құжаттамалық ревизия жүргізіледі, сондай-ақ ішкі істер органдарында, заттай дәлелдемелер сақталатын камераларда, АТҚЖ қоймаларында барлық сақталып тұрған қару мен оқ-дәрілерге түгендеу жүргізіледі.";

99-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қалалық, аудандық, желілік полиция бөліністерінде – АҚҚАБ қызметкерінің тапсырылған атыс қаруының және оқ-дәрілердің, жарылғыш материалдардың түбіртектерін ресімдеу тәртібі, ПО жедел кезекшісінің қабылданған заттары туралы басшылыққа уактылы баяндауы, ПД, КПД ТҚЕБ қоймасына қаруды тасымалдау ережесі мен тапсыру мерзімдерінің сақталуы;"

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"103. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қарулары, оқ-дәрілер және жарылғыш материалдардың барлық жетіспеген, артық шыққан, жоғалған және бүлінген жағдайлары, сондай-ақ оларды есептен жасыру, ПО-ның қызметкерлері иемденген фактілер туралы белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы ІІМ, ПД, КПД-ге дереу хабарланады, содан соң бір айдың ішінде қызметтік тексеру нәтижелері бойынша қорытындылардың, кінәлі адамдарды жазалау туралы бұйрықтардың көшірмелері жіберіледі.".

11. "Заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтемді тапсыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10840 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 13 тамызда "Казахстанская правда" газетінің № 155 (28281), 2016 жылғы 13 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінің № 155 (28883) санында жарияланған):

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағының 8-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтемді тапсыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Антикварлық қару (орталық соққыдағы біртұтас патрондармен атуға арналып жасалған атыс қаруынан басқа, 1899 жылға дейін жасалған атыс қаруы) және мәдени құндылығы бар қару комиссияның шешімі бойынша Ішкі істер министрлігінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және Көліктегі полиция департаменттері жедел-криминалистикалық бөлімшелерінің заттай коллекцияларына немесе мұражайларына берілуі мүмкін.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды тапсыру және тіркеу тәртібі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Тапсырылған атыс қаруы, оқ-дәріні және жарылғыш заттар үшін сыйақы белгілеу жөніндегі комиссия құру және оның жұмыс істеу тәртібі";

11-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия құрамы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың полиция департаменттері бастықтарының бұйрықтарымен бекітіледі, тыл және қаржымен қамтамасыз ету, азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау, криминалдық полиция, өзіндік қауіпсіздік, жедел-криминалистикалық және ақпараттандыру және байланыс қызметтері бөліністерінің қызметкерлерінен тұрады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Комиссия облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттерінің әрбір ҚАПБ-да құрылады.";

15-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорытындының бірінші данасы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың полиция департаменттерінің бухгалтериясына жолданады және ол тапсырылған қару үшін азаматқа сыйақы төлеуге негіз болып табылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. ҚАПБ комиссияларының жұмыс материалдарын апта сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың полиция департаменттері жинақтайды, есептіліктің бекітілген нысандары бойынша Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының тиісті қызметтеріне (Әкімшілік полиция комитеті, Криминалдық полиция және Қаржымен қамтамасыз ету департаменттеріне) жібереді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Сыйақы төлеу тәртібі";

21-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"21. ҚАПБ азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау бөліністерінің қызметкерлері (комиссиялар мүшелері) ақшалай қаражат төлеу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың полиция департаменттерінің қаржымен қамтамасыз ету қызметтеріне (бухгалтерияларына) мынадай құжаттарды жолдайды:".

12. "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 мамырдағы № 11193 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 3 қыркүйекте "Казахстанская правда" газетінің № 169 (28295), 2016 жылғы 3 қыркүйекте "Егемен Қазақстан" газетінің № 169 (28897) санында жарияланған):

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларында:

20-тарамақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Қауіптілігі IV сыныптық пиротехникалық заттар мен бұйымдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және Көліктегі полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД, КПД) аумақтылығы бойынша берген басқа да заңды тұлғаларға оларды сақтау орны бойынша қоймалардан сатылады".

13. "Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 386 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11186 болып тіркелген, 2015 жылы 10 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келген кезде, бұрын пайдалануда болған (оның ішінде бұрын мемлекеттік органдардың пайдалануында болған) МТНБ-ларды бұрынғы иелеріне көлік құралына қайта беруге жол беріледі.

Құқықтық мираскордың (мұрагердің) ерік білдіруі бойынша мұрагерлік мәні болып табылатын көлік құралына бұрынғы МТНБ-ны олар ұлттық стандарттың талаптарына

сәйкес келген және Салық кодексінде белгіленген мемлекеттік баждарды төлей отырып , бір өңір шегінде көлік құралын мемлекеттік тіркеген кезде қайта беруге жол беріледі."

14. "Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13004 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 1 қыркүйекте "Казахстанская правда" газетінің № 167 (28293), 2016 жылғы 1 қыркүйекте "Егемен Қазақстан" газетінің № 167 (28895) санында жарияланған):

14-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) Учаскелік полиция инспекторы өз құзыреті шегінде азаматтық қару иелерінің өзіне тиесілі қару және оның патрондарын сақтау бойынша бекітілген талаптардың сақталуына бақылау жасау мәселесі бойынша азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау жөніндегі бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Учаскелік полиция инспекторы жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізу кезеңінде полиция органдары жүргізген тексерістерді қоспағанда, жеке пайдаланымында атыс қаруы бар жеке адамдарды тұрғылықты орны бойынша жылына бір рет, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау бөлінісінің қызметкерінің (бұдан әрі- АҚҚАБ) тапсырмасы бойынша қаруды сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсатты алуға үміткер адамдарға тексерісті жүзеге асырады.

Тексеріс нәтижелері бойынша учаскелік полиция инспекторы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13694 болы тіркелген) бекітілген Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы нұсқаулыққа 18-қосымшаға сәйкес баянат толтырады және 5 жұмыс күн ішінде осы баянатты, сондай-ақ қаруды сақтау ережесін бұзу анықталған жағдайда тексеру материалдарын (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама көшірмесін, қаруды алу және т.б.) АҚҚАБ қызметкеріне жібереді."

15. "Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде

2016 жылғы 31 мамырда, 2016 жылғы 23 мамырда "Казахстанская правда" газетінің № 96 (28475), 2016 жылғы 23 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінің № 96 (29077) санында жарияланған):

Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықта:

3-тарамақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылаудың бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИМ) Әкімшілік полиция комитетінің (бұдан әрі – ӘПК), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және Көліктегі полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД, КПД), қалалық, аудандық және желілік полиция басқармаларының, бөлімдерінің (бұдан әрі – ҚАПО, ЖПБ(б)) АҚҚАБ бөліністері құрайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. АҚҚАБ бөліністерінің қызметіне ведомствалық бақылауды:

ИМ-нің орталық аппаратында – Ішкі істер министрінің ӘПК-ге жетекшілік ететін орынбасары, ӘПК төрағасының АҚҚАБ басқармасына жетекшілік ететін орынбасары;

ПД, Көліктегі ПД-де – ПД, КПД бастығының Әкімшілік полиция басқармасына (бұдан әрі – ӘПБ) жетекшілік ететін орынбасарлары, ӘПБ бастықтары, ӘПБ бастығының АҚҚАБ бөлінісіне жетекшілік ететін орынбасарлары;

ҚАПБ-да (ЖПБ(б)) – ҚАПБ (ЖПБ(б)) бастықтарының ӘПБ жетекшілік ететін орынбасарлары, ӘПБ бастықтары, ӘПБ бастығының АҚҚАБ бөлінісіне жетекшілік ететін орынбасарлары жүзеге асырады.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес көрсетеді (бұдан әрі - Тізілім).

ПД, КПД, ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ бөлімшелерінде ПО бастығының бұйрығымен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты қызметкер тағайындалады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын бұзуды анықтау, жою және жол бермеу мақсатында ИМ, ПД және КПД АҚҚАБ бөлімшелерінде "Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14740 болып тіркелген) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау іс-шаралары мен мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасына мониторинг жүргізу нысанында ішкі бақылау жүзеге асырылады".

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1. Мемлекеттік қызметті көрсететін және оларды орындау сапасына бекітілген АҚҚАБ қызметкерлері кезекшіліктен (нарядтардан), сондай-ақ ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды қоспағанда, жедел-профилактикалық іс-шараларға қатысудан босатылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. ИМ ӘПК Азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау басқармасы (бұдан әрі – АҚҚАББ) ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты атқару шеңберінде:

1) ИМ Алқаларының, жедел кеңестерінің шешімдерін, ИМ нұсқауларын орындау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, ұрланған және жоғалған азаматтық және қызметтік қару жөніндегі іздестіру іс-шараларын жүргізуге қатысу, мекенжайы анықталмаған азаматтық қару иелерін анықтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы рұқсат беру құжаттарын берудің заңдылығы, ИМ БДБ "Тіркелген қару" есебін қалыптастыру және жүргізу, "Е-лицензиялау" МДБ қалыптастыру, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ПД, КПД, ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ бөліністерінің қызметіне ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

2) ПД, КПД, ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ кадрларын іріктеуді жүзеге асырады, оларды көтермелеу, жазалау, қызмет бабымен жылжыту бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) ИМ жұмыс жоспарларына сәйкес немесе жұмыстағы кемшіліктерге ден қою тәртібінде ПД, КПД, ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ бөліністеріне инспекторлық және мақсатты тексерістер жүргізеді.

Тексерістер ПД, КПД, ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ бөліністері жұмысының жай-күйіне жүргізілген түпкілікті талдау, өңірлердің ерекшеліктері, бақыланатын объектілер мен азаматтық қару иелерінің саны негізінде жүзеге асырылады.

Тексеріс барысында, оның ішінде бөлініс қызметін жетілдіру бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетіледі;

4) ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолданумен жасалған қылмыстың жай-күйіне талдау, бөліністердің есепті деректеріне негізделген жұмыс нәтижелері, инспекторлау, тексерулер материалдары, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жүргізілген мониторинг негізінде тоқсан сайынғы жұмыс жоспарларын әзірлейді.

Жоспарларға сәйкес тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолдана отырып жасалған қылмыстар, оның ұрлығы мен жоғалту профилактикасына, ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын және ведомствалық бақылау деңгейін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар өткізіледі, АҚҚАБ бөліністерінің жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша шешімдер мен практикалық шараларды уақтылы қабылау қамтамасыз етіледі;

5) ПД, КПД АҚҚАБ бөліністерінің ұсыныстары негізінде ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалаған бұйымдар айналымын бақылауды және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды;

6) "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11045 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлейді, басып шығарады және жүргізеді;

7) халықаралық және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар айналымын бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. АҚҚАББ өз құзыреті шегінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналған қызметтік қаруды және оның патрондарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарына марапаттық қаруды сатып алуға, сақтауға және алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар береді.

АҚҚАББ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдардың импортына (экспортына) лицензияға өтініштерді келіседі.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттардың барлық түрлеріне ІІМ ӘПК төрағасы және оның орынбасарлары қол қояды.";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. ПД, КПД АҚҚАБ бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асыру процесінде ПД, КПД ӘПБ АҚҚАБ бөліністері:

1) БДБ "Тіркелген қару" есебін құрастырады.

Азаматтық, қызметтік және марапаттық қаруды БДБ "Тіркелген қару" есебіне енгізуді, түзетулер мен шығаруды жүзеге асырады;

2) қару алуға құқығы бар субъектілермен ұсынылған (қызметтік қару ұстау мен сақтау құқығы берілген лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдар, ерекше жарғылық міндетке ие заңды тұлғалар, аң шаруашылығы ұйымдары, спорттық ұйымдар және білім беру ұйымдары) қару және оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтерді тексереді, олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымы ережесінің 17-қосымшасына сәйкес қызметтік ойық, тегіс ұңғылы, ұңғысыз атыс, жарақат салатын әсері бар патрондармен ату мүмкіндігі бар газды және электрлік қаруға екі данада ресімделеді.

3) Бірінші данасы АҚҚАБ бөліністеріндегі бақылау-қадағалау ісінде, екінші данасы – қару мен оның патрондарын сатып алуға және сақтауға жауапты адамда сақталады.

Қару бірлігінің ортаймайтын қорына арналған қару бірлігі мен патрондар санына, бір адамға арналған практикалық атыстарға, қару бірлігіне арналған атысты тексеруге есеп жүргізу кезінде ұйымның қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсат етілген қызметкерлерінің штат санын басшылыққа алу қажет.

Лауазымдары бос орындарға қару мен патрондардың қажетті санына есеп жүргізілмейді.

Т.А.Ә. көрсетілген (ол болған кезде) заңды тұлғалардың және қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсат етілген қызметкерлердің штаттық кестесі басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған түрде еркін нысанда ұсынылады.

Күзетуге тапсырыс берушімен келісімшарт жасасқан күзет қызметінің субъектілері қаруланған бекеттердің саны және күзет режимі (тәулік бойы жұмыс істейтін бекеттер) қосымша ұсынылады.

Өзінің магистральдық теміржол желілерін, магистральдық құбырларды, мұнай өңдеу өндірісін және атом энергиясын күзету жөніндегі қызметін жүзеге асыратын ұлттық компаниялар қызмет атқаратын күзет ұйымының қызметкерлерін қаруландыру үшін қызметтік қарудың сақталуына бекітілген жауапты адаммен есептеу өндірісі үшін оларды күзетуге қолданыстағы келісімшарт көшірмесімен күзетілетін объектілер

бекеттерінің орналасқан жері көрсетіледі (мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда).

Филиал немесе өкілдіктің азаматтық және қызметтік қаруды алуға рұқсат алуы талап етілмейді.

Заңды тұлғада қосымша қару бірлігін сатып алу мән-жайлары туындаған кезде қару мен оның патрондарының есебі тек қару мен оның патрондарының қосымша бірлігіне есептеледі.

Осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жауынгерлік оқ-дәрілерді есептен шығару актісі бойынша практикалық атысқа және қару бірлігіне арналған атыс тексерісіне жұмсалған патрондарды есептен шығарғаннан кейін заңды тұлғалар ПО беретін рұқсаттар бойынша сатып алады;

4) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар айналымы саласындағы заңнама талаптарын сақтауына бағытталған өңірлік жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

5) мына:

ІМ Алқасының, жедел кеңестерінің шешімдерін, ІМ, ПД, КПД нұсқауларын орындау;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасы;

ұрланған және жоғалған азаматтық және қызметтік қару жөніндегі іздестіру іс-шараларын жүргізуге қатысу;

мекенжайы анықталмаған азаматтық қару иелерін анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

бөліністердің азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы рұқсат беру құжаттарын беруінің заңдылығы;

ІМ БДБ "Тіркелген қару" есебін қалыптастыру және жүргізу;

"Е-лицензиялау" МДБ қалыптастыру;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ҚАПБ (ЖПБ(б) АҚҚАБ бөліністерінің қызметіне ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

6) ҚАПБ (ЖПБ(б) АҚҚАБ кадрларын іріктеуді жүзеге асырады, оларды көтермелеу, жазалау, қызмет бабымен ауыстыру туралы ұсыныстар енгізеді;

7) ұдайы негізде ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолданумен жасалған қылмыстың жай-күйі туралы ақпаратқа талдауды жүзеге асырады.

ПД, КПД ӘПБ АҚҚАБ қызметкерлері ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолданумен жасалған қылмыстардың әрбір фактісі бойынша ақпаратты тәулік ішінде ІІМ ӘПК-ге жолдайды және қызметтік тексеріс ұйымдастырады, оның қорытындысын 10 күндік мерзімде ІІМ-ге ұсынады.

Тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды ұрлау фактілері бойынша ПД, КПД ӘПБ АҚҚАБ бөліністерінің қызметкерлері қару иелерінің қаруды сақтау жөніндегі заңнаманың барлық талаптарын сақтауын анықтау және қаруды сақтау ережелерін бұзған жағдайда қару иесін жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдау мақсатында оқиға орнына шығуды жүзеге асырады.

Тіркелмеген қаруды қолданумен қылмыстар жасау фактілері бойынша, сондай-ақ қаруды қолданумен жасалған ашылмаған қылмыстар туралы ақпаратты тәулік ішінде ПД, КПД криминалдық полиция бөліністері ІІМ Криминалдық полиция департаментіне жолдайды;

8) ПД, КПД жұмыс жоспарларына сәйкес немесе жұмыстағы кемшіліктерге ден қою тәртібінде ҚАПБ (ЖПБ(б)) АҚҚАБ бөліністеріне инспекторлық және мақсатты тексерістер жүргізеді.

Тексерістер ҚАПБ (ЖПБ(б)) АҚҚАБ бөліністері жұмысының жай-күйіне жасалған түпкілікті талдау, өңірлердің ерекшеліктері, бақылаудағы объектілердің және азаматтық қару иелерінің саны негізінде жүзеге асырылады.

Тексеріс барысында, оның ішінде бөліністердің қызметін жетілдіру бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетіледі;

9) ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолданумен жасалған қылмыстың жай-күйіне жасалған кешенді талдау, есептік деректерге негізделген бөліністердің жұмыс нәтижелері, инспекторлау материалдары, тексерістер, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жүргізілген мониторинг негізінде тоқсан сайынғы жұмыс жоспары әзірленеді.

Жоспарға сәйкес тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолданумен жасалған қылмыстар, оны ұрлаулар мен жоғалтулар профилактикасына, ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды, мемлекеттік көрсетілетін қызметті жүзеге асыру сапасын және ведомствалық бақылаудың деңгейін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар жүргізеді, АҚҚАБ бөліністерінің жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша шешімдер мен практикалық шараларды уактылы бақылауды қамтамасыз етеді;

10) ҚАПБ (ЖПБ(б)) АҚҚАБ бөліністерінің ұсыныстары негізінде ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды, оларды ІІМ ӘПК-ге жолдайды.";

21-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"21. ПД ӘПК АҚҚАБ бөліністері өз құзыреті шегінде:";

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға, азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) әзірлеу, өндіру, сату және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар береді;"

3) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"3) мыналарға:

аңшылық шаруашылық ұйымдарының шақыруымен Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау мақсатында келетін шетелдіктерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген тәртіпте сатып алынған қаруды;

жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін үшінші елдерден сатып алған азаматтық және қызметтік қаруын;

жеке тұлғалардың немесе спорттық ұйымдардың спорттық іс-шараларға қатысуы үшін спорттық атыс қаруы мен оның патрондарын;

тұрақты тұру үшін шығатын жеке тұлғалардың азаматтық қарудың бірліжарым данасын;

тұрақты тұру үшін келетін жеке тұлғалардың азаматтық қарудың бірліжарым данасын;

жеке және заңды тұлғалардың көрмеге қатысуы үшін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын;

жеке тұлғалар үшін азаматтық қару мен оның патрондарының бірліжарым данасын Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге;

жеке тұлғалар үшін азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрама) бөлшектері мен оның патрондарының бірліжарым данасын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттеуге қорытындылар береді;

заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қаруды, олардың негізгі (құрама) бөлшектері мен оның патрондарын, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын олардың сәйкестігін растау (сертификаттау немесе сәйкестігін декларациялау) мақсатында сынақ жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге, азаматтық және қызметтік қаруды, олардың негізгі (құрама) бөлшектері мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар береді;"

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ҚАПБ аумақтық АҚҚАБ бөліністері көрсететін өзге де мемлекеттік қызметті алу мәселелері бойынша заңды және жеке тұлалар тікелей жүгінген кезде оларды ПД ӘПБ-нің көрсетуіне жол беріледі.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Азаматтық ойық ұңғылы атыс қаруын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттарға, туристік жолдамалар, жеке және қызметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіпте ПО-да тіркелген шетелдіктерге азаматтық қаруды, оны сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкететін жағдайда азаматтық қаруды сатып алуға, Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін ПО-да тіркелген шетелдіктерге азаматтық қаруды сатып алуға, сақтауға және алып жүруге және, тасымалдауға рұқсаттарға ПД бастықтары және олардың АҚҚАБ бөліністеріне жетекшілік ететін орынбасарлары қол қояды.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттардың қалған түрлеріне ПД ӘПБ бастығы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.";

24-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Көліктегі ПД ӘПБ АҚҚАБ бөліністері өз құзыреті шеңберінде:";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. ЖПБ(б) аумақтық АҚҚАБ бөліністері беретін өзге де рұқсаттарды алу мәселелері бойынша заңды және жеке тұлалар тікелей жүгінген кезде оларды Көліктегі ПД ӘПБ-нің беруіне жол беріледі.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттардың барлық түрлеріне Көліктегі ПД ӘПБ бастығы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.";

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. ҚАПБ және ЖПБ(б)-де жұмысты ұйымдастыру ҚАПБ және ЖПБ(б) әкімшілік полиция бөліністерінің құрамындағы АҚҚАБ бөліністеріне (бөлімшелер және топтар) немесе инспекторларына (аға инспекторларына) жүктеледі.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. ҚАПБ және ЖПБ(б) АҚҚАБ қызметкерлерін тағайындау олар ПД, Көліктегі ПД ӘПК-де онкүндік тағылымдамадан өткеннен, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, жарылғыш материалдар, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделегеннен және олар бойынша сынақ тапсырғаннан кейін жүзеге асырылады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдардың айналымын бақылауды жүзеге асыру процесінде ҚАПБ және ЖПБ(б) әкімшілік полицияның (бұдан әрі – ӘПБ) АҚҚАБ бөліністері (бөлімдерінің және бөлімшелерінің) :

1) ИМ Біріктірілген деректер банкінің (бұдан әрі – БДБ) "Тіркелген қару" есебін құрастырады;

Азаматтық, қызметтік қаруды (ойық ұңғыдан басқа) БДБ "Тіркелген қару" есебіне енгізуді, түзетуді және шығаруды жүзеге асырады;

2) мына:

ұрланған және жоғалған азаматтық және қызметтік қару бойынша іздестіру іс-шараларын жүргізуге қатысу;

мекенжайы (ҚАПБ) анықталмаған азаматтық қарудың иелерін анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

азаматтық және қызметтік қару, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ҚАПБ (ЖПБ(б)) мүдделі қызметтерімен өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады;

3) заңды тұлғалардың қызметтік тегіс ұңғылы, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды және электр қаруының қолдағы бар және қажетті саны туралы мәліметті ПД, Көліктегі ПД келісуге дайындайды;

4) ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолдана отырып жасалған қылмыстың жай-күйі туралы ақпаратты жинауды және жинақтауды ұдайы негізде жүзеге асырады.

ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолдана отырып жасалған қылмыстың әрбір фактісі бойынша ақпаратты ҚАПБ (ЖПБ(б)) АҚҚАБ қызметкерлері тәулік ішінде ПД, КПД ӘПБ-ге жолдайды және дереу қызметтік тексеріс жүргізеді, оның қорытындысы 10 күндік мерзімде ПД, Көліктегі ПД ӘПБ-ге ұсынады.

Тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды ұрлау фактілері бойынша қару иесінің қаруды сақтау бойынша заңнаманың барлық талаптарын сақтауын анықтау және қаруды сақтау ережелерін бұзған жағдайда қару иесін жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдау мақсатында АҚҚАБ бөліністерінің қызметкерлері оқиға орнына шығуды жүзеге асырады.

Тіркелмеген қаруды қолдана отырып қылмыстар жасаудың әрбір фактісі бойынша, сондай-ақ қаруды қолдана отырып жасалған ашылмаған қылмыстар туралы ақпаратты тәулік ішінде ҚАПБ (ЖПБ(б)) криминалдық полиция бөліністері ПД, Көліктегі ПД Криминалдық полиция басқармасына жолдайды;

5) ПО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолдана отырып жасалған қылмыстың жай-күйіне жасалған кешенді талдау, бөліністердің есептік деректеріне, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жүргізілген мониторингке негізделген жұмыс нәтижелері негізінде тоқсан сайынғы жұмыс жоспарларын әзірлейді.

Оларға сәйкес ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асырудың және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын және ведомствалық бақылау деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі, АҚҚАБ бөліністерінің жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша уақтылы шешімдер мен практикалық шаралар қабылау қамтамасыз етеді.

6) атқарылған жұмысқа жүргізілген талдау негізінде ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды және ПД, КПД ӘПБ-ге жолдайды.";

29, 30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. ҚАПБ ӘПБ АҚҚАБ бөліністері өз құзыреті шегінде:

1) жеке және заңды тұлғаларға "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналғандарды және ойық қаруды қоспағанда, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына марапаттық қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар;

2) жеке және заңды тұлғаларға "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналғандарды және ойық қаруды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына марапаттық қаруды қоспағанда, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар береді.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттардың барлық түрлеріне ҚАПБ бастығы және оның орынбасарлары қол қояды.

30. ЖПБ(б) ӘПБ АҚҚАБ бөліністері өз құзыреті шегінде:

1) заңды тұлғаларға "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды

адамдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналғандарды және ойық қаруды қоспағанда, қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар береді;

2) заңды тұлғаларға "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналғандарды және ойық қаруды қоспағанда, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар береді.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттардың барлық түрлеріне ЖПБ(б) бастығы және оның орынбасарлары қол қояды.

31. Осы Нұсқаулықтың 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген рұқсаттарды АҚҚАБ қызметкерлері "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың, жарылғыш материалдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11211 болып тіркелген) және "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың, жарылғыш материалдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету регламентін бекіту туралы" Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 мамырдағы № 474 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық форматта береді.";

32-тармақ алып тасталсын;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Рұқсаттарды беру электрондық түрде, сондай-ақ ЕЛ МДБ АЖ-да қалыптастырылған шығыс нысандарды (құжат) А-4 форматта, қағаз тасымалдағышта басылып шығару арқылы жүзеге асырылады, уәкілетті адамның мөрімен және қолтаңбасымен куәландырылады.";

35-тармақтың төртінші және бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ПД, КПД-де – АҚҚАБ бөлім (бөлімше) бастығының немесе топ басшысының кабинетінде, сейфте;

ҚАПБ, ЖПБ(б)-де – ҚАПБ, ЖПБ(б) бастығының ӘПБ-ге жетекшілік ететін орынбасарының кабинетінде, сейфте сақталады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасаған бұйымдар (мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезіндегі отшашулар, фейрверктер) айналымы саласындағы рұқсаттарды беру мәселелері бойынша өтініштерін тіркеуді ӘПБ және ҚАПБ қызметкері ЕЛ МДБ АЖ-ға келіп түскен арыздар порталында арыз келіп түскен кезден бастап (жұмыс күні ішінде) жүзеге асырады.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация арқылы келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялық сатуға жолдамалар беру туралы өтініштері кіріс хат-хабарлары бойынша тіркеледі.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. АҚҚАБ бөліністері беретін жолдамалар есепке алынуға жатады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялық сатуға жолдамалардың бланкілері қатаң есептегі құжаттар болып табылады және типографиялық тәсілмен нөмірленеді. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар түптеліп, "Лицензиялау-рұқсат беру жүйесі" бедерімен ПО-ның мөрімен бекітіледі.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. АҚҚАБ бөліністері беретін лицензиялар, қорытындылар және қалған рұқсаттарды қалыптастыру ЕЛ БДБ АЖ-да жүзеге асырылады."

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. ЕЛ МДБ АЖ арқылы берілген лицензиялар, қорытындылар, рұқсаттар және жолдамалар осы Нұсқаулыққа 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу кітаптарына енгізіледі. Есепке алу кітаптары нөмірленеді, тігіледі және ПО-ның мөрімен бекітіледі.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. ПД, КПД ӘПБ әрбір ҚАПО (ЖПБ(б)-ға есепке алу ісін жүргізеді, онда ПО АҚҚАБ қызметкерлері туралы деректер, осы ПО қызмет көрсететін АҚҚАБ объектілері туралы мәліметтер олардың ведомстволық тиісілігін көрсете отырып, көрсетіледі.";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Ойық атыс қаруы иелерінің жеке істері ПД әкімшілік полиция бөлімшелерінде, ал тегіс ұңғылы, газды және электр қаруы иелерінің істері ҚАПО-да жүргізіледі."

16. "Жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 757 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14161 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген әкімшілік полиция бөлімшелерінің жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласындағы қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кешенді тексеруді жол иелері, жол және жергілікті атқарушы органдар:

1) халықаралық, республикалық және облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автожолдар мен олардағы жол құрылыстарын – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ПД әкімшілік полиция бөлімі (бөлімшесі, тобы) қызметкерлерінің;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жолдарды қоспағанда, автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын – аудандардың (қалалардың) әкімшілік полиция бөлінісі қызметкерлерінің қатысуымен жүргізеді;

3) уәкілетті органның аумақтық бөліністері жоғары тұрған уәкілетті органның нұсқауы бойынша қалалар, аудандар және елді мекендер шекараларының шегінде халықаралық, республикалық және облыстық маңызы бар жолдарды тексереді."

17. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 сәуірде № 16733 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 сәуірде электрондық түрде енгізілген, "Казахстанская правда" газетінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 90 (28719) санында жарияланған):

8-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.02.2023 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін

өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
2-қосымша
Ішкі істер органдары
қабылдау-тарату орындарының
ішкі тәртіп қағидасына
2-қосымша
нысан
БЕКІТЕМІН
Бастық

20__жылғы " __ " _____

Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды ұстау туралы ҚАУЛЫ

20__жылғы " __ " _____ " __ " сағ. " __ " мин. қала (кент) _____

Мен, _____

(лауазымы, ішкі істер органының атауы, атағы тегі, аты, әкесінің аты)

азамат (ша) _____ ұстау материалдарын қарап,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) туған күні, айы, жылы және жері)

АНЫҚТАДЫМ:

Азамат (ша) _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (айтуы бойынша)

жеке басын куәландыратын құжаттары, белгілі бір тұратын жері жоқ.

Өз түсініктемесінде азамат (ша) _____ мынаны хабарлады:

Ұсталғанның қолы: _____

Баяндалғанның негізінде және "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-1-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Азамат (ша) _____ ұсталсын, тексеру және жеке басын анықтау үшін

_____ қабылдау-тарату орнына қамауға алынсын.

(ішкі істер органының атауы)

(қаулыны толтырған қызметкердің лауазымы, атағы және қолы)

Қаулы маған хабарланды: _____

(ұсталғанның қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
3-қосымша
Ішкі істер органдары
қабылдау-тарату орындарының
ішкі тәртіп қағидасына
4-қосымша
Нысан
САНКЦИЯ БЕРЕМІН
Судья

20 __ жылғы " __ " _____

Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамға қатысты жүріп-тұру бостандығын бастапқы шектеуді қолдану туралы ҚАУЛЫ

20 __ жылғы " __ " _____ " __ " сағат " __ " мин. қала (кент) _____

Мен, _____

(лауазымы, ішкі істер органының атауы, атағы, тегі)

Азамат(ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (бар болған жағдайда) туған жылы мен жері)

_____ материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Азамат(ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (айтуы бойынша)

Жеке басын куәландыратын құжаттары, белгілі бір тұратын жері жоқ)

Өз түсініктемесінде азамат _____мынаны хабарлады _____

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасының "Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы Заңның 29-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Азамат (ша) _____ қатысты 30 (отыз) тәулік мерзімге
жүріп-тұру

бостандығын бастапқы шектеу қолдансын және тексеру, жеке басын анықтау үшін
_____ қабылдау-тарату

(ішкі істер органының атауы)
орнына қамауға алынсын.

_____ (қаулыны толтырған қызметкердің лауазымы, атағы мен қолы)

Қаулы маған жарияланды _____

—
(ұсталғанның қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
4-қосымша
Ішкі істер органдары
арнайы қабылдау орындарының
ішкі тәртіп қағидасына
5-қосымша
нысан

Арнайы қабылдау орнына орналастырылған адамды жеке тексеру және оның заттарын тексеру ХАТТАМАСЫ

Толтырылған жері мен уақыты

20 __ жылғы " __ " _____ сағат __ мин. Толтырылған орын _____

Мен _____

(хаттама толтырған адамның лауазымы, атағы, Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің

791-бабына сәйкес осы хаттаманы мына азаматқа (азаматшаға) қатысты толтырдым

_____ (Т.А.Ә., азаматтығы, туған жылы мен жері, тұрғылықты жері)

Жұмыс орны, лауазымы _____

Отбасы жағдайы _____ асырауында

_____ Жеке басын куәландыратын құжаты _____

(сериясы, нөмірі, кім берген)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 755-бабына сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілген куәгерлердің қатысумен:

1. _____

(Т.А.Ә. (ол болған кезде), тұрғылықты жері)

2. _____

(Т.А.Ә. (ол болған кезде), тұрғылықты жері)

Куәгерлердің қолы: 1. _____ 2. _____ (тексерілген адамның Т.А.Ә.)

_____ азаматты (шаны) және жеке заттарын тексеру жүргізілді.

Тексерілушінің киімі _____

Сыртқы тексеру кезіндегі дене жарақаттары: _____

(анықталған жоқ, егер анықталса, дене жарақаттарының сипаттамасын көрсету қажет

және медициналық көмек көрсетілді ме)

Тексеру барысында анықталған және алынған заттар: _____

Тексеріс кезінде келіп түскен өтініштер _____

Тексеріс барысында: _____

(фото-кино түсірілім, бейнежазба, тіркеудің өзге де тәсілдері)

Арнайы қабылдау орнына келіп түскен кезде денсаулық жағдайыма шағымдар

бар (жоқ) _____

(керегін жазыңыз)

Арнайы қабылдау орнында ұстау шарттарымен таныстым:

(қолы)

Қолдары: _____ (тексеруді жүргізген лауазымды адам)

_____ (жеке тексерілген адам)

Куәгерлердің қолдары: 1. _____ 2. _____

Хаттаманың көшірмесін алдым _____

(жеке тексеруге адамның Т.А.Ә. (ол болған кезде), қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 874 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Жүргізуші куәлігінің үлгісі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА KAZAKHSTAN
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ
ВОДИТЕЛЬСКОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ
DRIVING LICENCE

Место
для фото
25x33,5 мм

1. Ахметов / Akhmetov
2. Алмаз Серикович / Almaz
3. 19.11.1982, Қазақстан / Kazakhstan
- 4a) 16.03.2009 4b) 16.03.2019
- 4c) Алматы қ. ПД / PD of Almaty
- 4d) ЖСН / IIN 821119300412
5. AA № 000012
7. _____
9.

A	B	C	D	BE	CE	DE	A1	B1	C1	D1	C1E	D1E
---	---	---	---	----	----	----	----	----	----	----	-----	-----

СИПАТТАМА	ОПИСАНИЕ	DESCRIPTION
1. Teri / Фамилия / Surname		A1 
2. Аты, әкесінің аты (болған жағдайда) / Имя, отчество (при его наличии) / Name, patronymic (if any)		A 
3. Туған күні және жері / Дата и место рождения / Date and place of birth		B1 
4. a) Берілген күні / Дата выдачи / Date of issue		B 
b) ... дейін жарамды / Действительно до / Expiration date		C1 
c) ЖК берген мекеменің атауы / Наименование органа, выдавшего ВУ / The name of issuing authority		C 
d) ЖСН / ИИН / IIN		D1 
5. Жүргізуші куәлігінің нөмірі / Номер ВУ / Driving licence number		D 
6. Сурет / Фотография / Photo		BE 
7. Өз қолы / Личная подпись / Personal signature		C1E 
9. Рұқсат етілген санаттар / Разрешённые категории / Permitted categories		CE 
12. Қосымша ақпарат / Доп. информация / Additional information		D1E 
		DE 

Жүргізуші кәулігінің интегралдық микросызбасы мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жүргізуші куәлігі туралы:

сериясы мен нөмірі;

берілген күні;

жүргізуші куәлігін берген органның атауы;

2) жүргізуші туралы:

тегі, аты, әкесінің аты;

туған күні және жері;

тұрғылықты жері;

жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

жеке басты куәландыратын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі және берілген күні;

фотосуреті;

3) көлік құралын басқаруға рұқсаты туралы:

рұқсат етілген санаттар;

жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімінің аяқталуы;

ерекше белгілер.

Ескертпе: Қазақстан Республикасының Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарына жүргізуші куәліктері бланкілерінің серияларын белгілеу үшін латын транскрипциясындағы мынадай әріптік белгілеулер бекітіледі.

p/c	Өңірдің атауы	Әріптік белгілеу
1	Нұр-Сұлтан қаласы	Z
2	Алматы қаласы	A
3	Ақмола облысы	C
4	Ақтөбе облысы	D
5	Алматы облысы	B
6	Атырау облысы	E
7	Батыс Қазақстан облысы	L
8	Жамбыл облысы	H
9	Қарағанды облысы	M
10	Қостанай облысы	P
11	Қызылорда облысы	N
12	Маңғыстау облысы	R
13	Түркістан облысы	X
14	Павлодар облысы	S
15	Солтүстік Қазақстан облысы	T
16	Шығыс Қазақстан облысы	F
17	Шымкент қаласы	Y
18	Резерв	G, Q, W

Осы үлгіге сәйкес жүргізуші куәліктері 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап беріледі.

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін дайындалған және берілген жүргізуші куәліктері олардың әрекет ету немесе ауыстыру мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 19 ақпандағы
№ 133 бұйрығына
8-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі _____
_____ (ішкі істер органының атауы) Жеке тұлғаларға
азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға №__ рұқсат

_____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке куәлігінің немесе паспортының сериясы,
нөмірі)

_____ тұрады
(мекенжайы)

тасымалдауға _____
(көліктің түрі)

_____ (жөнелту пункті)

_____ (келу пункті)

мынадай жүк _____
(жүктің атауы мен заттың саны санмен және жазумен көрсетіледі)

Қаруды тасымалдауға сенімхаттың нөмірі _____

Қару иесінің сақтауға рұқсаты _____
(нөмірі, берілген күні, қару иесінің тегі, аты,

_____ әкесінің аты (бар болса)

Азаматтық қару мен оның патрондарының түрі, типі және саны осы рұқсатқа қосымшада көрсетілген.

20 __ жылғы " __ " _____ дейін жарамды

Бастық _____ (қолы)

М.О. 20 __ жылғы " __ " _____

Ескертпе: Тасымалдауға рұқсаттың жарамдық мерзімі қару мен оның патрондарын межелі орынға жеткізу үшін қажетті нақты уақыт есебімен, бірге тасымалдау, бірақ бір орыннан артық емес есебімен белгіленеді.

Жеке тұлғаларға азаматтық
және қызметтік қару мен оның
патрондарын тасымалдауға
№ __ рұқсатына
қосымша

Қызметтік қару мен оның патрондарының түрі, типі және саны:

р/с №	Қарудың типі (ойық, тегіс ұңғылы, электрлік, пневматикалы қ, газды, жарақат салатын әсері бар патрондармен ату мүмкіндігі бар газды, ұңғысыз жарақат салатын, лақтырғыш)	Қарудың түрі (ұзын ұңғылы , қысқа ұңғылы, садақтар, арбалеттер)	Қарудың нөмірі	Калибрі	Саны	Қарудың патрондары
1						
2						

(жүктің атауы мен заттардың саны санмен және жазумен көрсетіледі)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар
тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 19 ақпандағы
№ 133 бұйрығына
9-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі _____

(ішкі істер органының атауы)

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын
тасымалдауға №__ рұқсат _____ берілді
(ұйымның, мекеменің атауы)

_____ орналасқан

(мекенжайы)

(көлік түрі)

(жөнелту пункті)

(келу пункті)

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының түрі, типі және саны осы рұқсатқа қосымшада көрсетілген.

Тасымалдауға жауапты _____ болып табылады
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке куәлігінің немесе
паспортының сериясы, нөмірі)

Жол бойынша жүкті күзететін адамдар (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде),
лауазымы мен күзет ұйымының атауы көрсетіледі):

1. _____

2. _____

3. _____

20__ жылғы " __ " _____ дейін жарамды

Бастық _____

(қолы)

М.О.

2019 жылғы " __ " _____

Ескертпе: Тасымалдауға рұқсаттың жарамдық мерзімі қару мен оның патрондарын
межелі орынға жеткізу үшін қажетті нақты уақыт есебімен, бірге тасымалдау, бірақ бір
орыннан артық емес есебімен белгіленеді.

Заңды тұлғаларға азаматтық
және қызметтік қару мен оның
патрондарын тасымалдауға
№ __ рұқсатқа
қосымша

Қызметтік қару мен оның патрондарының түрі, типі және саны:

p/c №	Қарудың типі (ойық, тегіс ұңғылы, электрлік, пневматикалы қ, газды, жарақат салатын әсері б а р патрондармен	Қарудың түрі (ұзын ұңғылы , қысқа	Қарудың нөмірі	Калибрі	Саны	

	ату мүмкіндігі бар газды, ұңғысыз жарақат салатын, лақтырғыш)	ұңғылы, садақтар, арбалеттер)				Қарудың патрондары
1						
2						

(жүктің атауы мен заттардың саны санмен және жазумен көрсетіледі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК